Ресми рецензент PhD докторы Исаева Айнұр Женисовнаның
8Д04201 – Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Белхожаева Динара Жомартовнаның «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының ЖОО-дағы оқытушылардың еңбегін құқықтық реттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына жазбаша

ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	8Д04201 – Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Белхожаева Динара Жомартовнаның «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының ЖОО-дағы оқытушылардың еңбегін құқықтық реттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы негізгі ұстанымдарына негізделеді. Және де, зерттеу өзектілігі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылдың 20 сәуіріндегі № 172 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған Даму жоспары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының мақсаттары мен міндеттерінен туындайды. «8D042 – Құқықтану» кадрларды даярлау бағытында «6D030100, 8D04203 – Құқықтану», «6D030200, 8D04201 – Халықаралық құқық» докторантурада дайындау бағыттары

			бойынша ізденуші Белхожаева Динара Жомартовнаның ұсынылған диссертациялық жұмысы сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Қазіргі кезеңдегі жоғары оқу орындары дербестігі жағдайында оқытушылардың еңбегін құқықтық реттеу тақырыбындағы диссертациялық зерттеу отандық құқық ғылымында **елеулі ғылыми үлесін қосады.** Зерттеу жұмысы кең ауқымды аналитикалық негізде жаңа тұжырымдар мен ұсыныстарды алға тартып, академиялық еңбек қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілердің тиімділігін жан-жақты бағалауды мақсат тұтады. Сонымен қатар, жоғары білім беру жүйесіндегі оқытушылардың алдына қойылған өзекті мәселелерді шешуге бағытталған практикалық ұсыныстарды ұсынып, ғылыми негізде оларды құқықтық реттеу механизмдерін жетілдіруге ықпал етуді көздейді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейі **жоғары.** Жазу тілі айқын, түсінікті және грамматикалық тұрғыдан дұрыс орындалған. Зерттеу жұмысы оқырманына терең әсер қалдырады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс жаңа ғылыми **негізделген** нәтижелерді ұсына отырып, ғылыми тұрғыдан жетілдірілген зерттеу болып табылады. Алынған нәтижелер олардың негізділігі мен объективтілігі тұрғысынан ешқандай күмән туғызбайды. Зерттеу жұмысының ғылыми негіздемесі отандық заң ғылымында академиялық еңбек қатынастарын кешенді зерттеу бағытындағы алғашқы талпыныстардың бірі болып табылады, себебі елімізде осы сала бойынша теориялық және құқықтық тұрғыдан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары өте шектеулі. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігі мен еңбек қатынастарының елеулі өзгерістері аясында профессор-оқытушылардың мәртебесі құқықтық тұрғыдан терең зерттелмеген. Осылайша, диссертант өз зерттеу

			тақырыбының өзектілігін айқын дәлелдеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) **айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Тақырып мазмұны жоспармен үйлесімін тапқан. Диссертацияны оқып талдау барысында, зерттеудің мазмұны тақырыпты нақты **айқындайды.** Жұмыс материалдарын дәйекті және қисынды көрсетілуін қамтамасыз ететін өзара байланысты үш бөлімнен тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына **сәйкес келеді,** атап айтқанда, жоғары мектеп оқытушылары мәртебесінің құқықтық моделін қалыптастыру мақсатында, ЖОО оқытушыларының әлеуметтік-еңбек жағдайын кешенді талдауды, сондай-ақ туындаған мәселелер мен кемшіліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының еңбек мен білім туралы заңнамаларының іске асырылуының қазіргі жағдайы мен болашақ даму перспективаларын бағалауды көздей отырып, алдына қойылған міндеттерді аша білген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның бір ерекшелігі - барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық **толық байланысқан**, бұл жұмыстың құрылымы мен логикалық жүйеге негізделе отырып, кезектілікпен баяндалуымен расталады. Жалпы зерттеу жоғары деңгейде жазылған, диссертацияда зерттеу үдерісінің барлық компоненттері қарастырылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор жұмыста оқытушылар еңбегін жақсартудың катализаторы ретінде ұлттық жоғары білім жүйесін дамытуға бағытталған жаңа нормативтік ережелерді ұсынады және қолданыстағы ережелерді қайта қарау қажеттігін айқындайды. Автор ұсынған жаңа нәтижелер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, **сыни талдау бар**.
5.	Ғылыми жаңашылдық	5.1 Ғылыми нәтижелер мен	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар **толығымен жаңалығымен**

	принципі	қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	ерекшеленеді, бұл зерттеу жұмысының құндылығын айтарлықтай арттырады. Себебі ол еңбек құқығы ғылымының дамуына, әсіресе Қазақстанда әлеуметтік мемлекеттің қалыптасу негіздерін зерттеу контекстінде маңызды үлес қосады. Автор тақырыпты терең әрі жан-жақты түсініп, бұрын академиялық әдебиетте қарастырылмаған жаңа аспектілер мен перспективаларды ашып көрсетті. Бұл оның аналитикалық қабілетін ғана емес, сондай-ақ заң ғылымында инновациялық ойлауға деген қабілетін дәлелдейді. Осылайша, ұсынылған жаңа ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жоғары оқу орындары оқытушыларының мәртебесін айқындайтын Қазақстандық ұлттық моделін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл ғылыми жетістіктер мен қағидаттар ЖОО дербестігі жағдайында академиялық ортаның әлеуметтік-еңбек мәртебесін бекітуге, жоғары білім саласындағы еңбек қатынастарының құқықтық негіздерін құруға, сондай-ақ халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес білім сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа** болып табылады. Диссертациялық зерттеуде қойылған міндеттер толық көлемде шешілді, оның ішінде: ЖОО-дағы оқытушылардың еңбегін реттейтін білім және еңбек заңнамалары жүйелендірілді; оқытушылардың әлеуметтік-еңбек жағдайын орнықтыратын жоғары мектеп оқытушылары мәртебесінің құқықтық моделі дайындалды; ПОҚ-мен еңбек шартын жасасу, оны өзгерту және ұзарту талаптарын сақтамауды жою барысында заңнаманы жетілдіруге қатысты тиісті ұсыным; ЖОО-да профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін оңтайландыру мақсатында ұсыныс; біліктілікті арттыру құқығының кепілдіктері мен ЖОО-ның дербестігі жағдайында оқытушылар еңбегін реттеудің құқықтық тетіктерін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар мен тұжырымдар жасалған.

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері **толығымен жаңа** және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	**Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Автормен диссертацияда ұсынған **барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.** Жұмыста Қазақстандағы академиялық ортаның қазіргі әлеуметтік-еңбек мәртебесінің ағымдағы жай-күйін, орын алған мәселелерін кешенді салыстырмалы-құқықтық зерттеулерге, сондай-ақ білім және еңбек заңнамаларының қолданыстағы қағидалары мен қалыптарын, халықаралық құжаттарын, ұлттық құқықтық актілерін, ғылыми доктриналық көзқарастар мен тұжырымдамаларын, жұмыс мазмұнындағы мәселелерді реттеуге тікелей қатысты құқық қолдану тәжірибесінің нәтижелерін байланыстыратын эмпирикалық деректерін салыстырмалы талдауларға негізделеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ** 7.3 Жаңа ма?	Диссертацияда қорғауға шығарылған негізгі жеті қағидаттар ұсынылады: ***Нәтиже 1.*** *ПОҚ-ның құқықтық еңбек институтының әдісін келесі сипаттамалармен айқындауға болады: жоғары білім саласындағы еңбек қатынастарын реттеуде императивті және диспозитивті нормалардың үйлесімі; құқықтық реттеу механизмінде орталықтандырылған, жергілікті, корпоративтік және шарттық әдістердің араласуы; әлеуметтік әріптестік тараптарының өкілдерін тарту арқылы қоғамдық қатынастарды реттеуде әлеуметтік әріптестік келісімдері мен ұжымдық шарттарды қолдану*

		1) **ия;** 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;** 2) жоқ	*қажеттілігі.* 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидат **дәлелденген.** 7.2.2). **тривалды емес.** 7.3.1). қағида **жаңа.** 7.4.3). қолдану деңгейі **кең.** 7.5.1). ғылыми мақалада **дәлелденген.** ***Нәтиже 2.*** *Академиялық орта еңбегін құқықтық реттеудің нормативтік ережелерін жүйелеу мақсатында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің, Ерекше бөлігі, 2-бөлімі Еңбек қатынастары, 12-тарауына Жұмыскерлердің жекелеген санаттарының еңбегін реттеу ерекшеліктеріне жаңа 146-2–бап. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында оқытушылар (профессор-оқытушылар құрамы) еңбегін реттеу ерекшеліктері» туралы бап енгізуді ұсынады.* 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидат **дәлелденген.** 7.2.2). **тривалды емес.** 7.3.1). қағида **жаңа.** 7.4.3). қолдану деңгейі **кең.** 7.5.1). ғылыми мақалада **дәлелденген.** ***Нәтиже 3.*** *Қазақстан Республикасында «Жоғары мектеп оқытушыларының мәртебесі туралы» заңын қабылдау арқылы мәртебені нақтылауды ұсынады, осы тұста «Жоғары мектеп оқытушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының Тұжырымдамасы дайындалып, ұсынылады.* 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидат **дәлелденген.** 7.2.2). **тривалды емес.** 7.3.1). қағида **жаңа.** 7.4.3). қолдану деңгейі **кең.** 7.5.1). ғылыми мақалада **дәлелденген.** ***Нәтиже 4.*** *Жұмыскерлердің еңбегін шарттық реттеуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі Ерекше бөлігінің 10-тарауы*

			Жеке бастың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар қатарына «86-1-бап. Жұмыс берушінің еңбек шартын жасасу, өзгерту және оны ұзарту мерзімдерін сақтамауынан көрінетін еңбек заңнамасын бұзу» туралы бапты енгізуді ұсынады. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидат **дәлелденген.** 7.2.2). **тривалды емес.** 7.3.1). қағида **жаңа.** 7.4.3). қолдану деңгейі **кең.** 7.5.1). ғылыми мақалада **дәлелденген.** ***Нәтиже 5.*** *Оқытушылардың ғылыми нәтижелеріне қойылатын талаптарды қатаңдату арқылы, профессор-оқытушылар құрамының аудиториялық жүктемесін батыс университеттерінің стандарттарына сәйкес үйлестіруді, сондай-ақ ПОҚ-ның лауазымдарына сәйкес оңтайлы аудиториялық жүктемені белгілеуді ұсынады.* 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидат **дәлелденген.** 7.2.2). **тривалды емес.** 7.3.1). қағида **жаңа.** 7.4.3). қолдану деңгейі **кең.** 7.5.1). ғылыми мақалада **дәлелденген.** ***Нәтиже 6.*** *Білім туралы заңға сәйкес, ЖОО-дағы профессор-оқытушылар құрамының бес жылда кемінде бір рет және ұзақтығы төрт айдан аспайтын мерзімде біліктілігін арттыруға құқығы бар, алайда бұл құқықты іске асыруға арналған кепілдіктер жеткіліксіз. Бұл өз кезегінде заңнаманың оқытушыларды үнемі біліктілігін арттыруға және кәсіби өсуге ынталандыруды тиісті дәрежеде қамтамасыз етпейтіндігін көрсетеді. Осыған байланысты, үздіксіз білім беру жүйесін қолдауға арналған құқықтық тетіктерді енгізу ұсынылады, бұл оқыту сапасын жақсартуға және әлемдік білім беру үрдістеріне сәйкестікті қамтамасыз етуге ықпал етеді.* 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидат **дәлелденген.**

			7.2.2). **тривалды емес.** 7.3.1). қағида **жаңа.** 7.4.3). қолдану деңгейі **кең.** 7.5.1). ғылыми мақалада **дәлелденген.** ***Нәтиже 7.*** *ЖОО-ның дербестігі жағдайында еңбек қатынастарын реттейтін тиімді құқықтық тетіктердің болмауы, сондай-ақ мемлекет тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі негізінде негізсіз жұмыстан босату, оқытушылар құрамының пікірін ескермей еңбек жағдайларының өзгеруі, әлеуметтік қорғалу деңгейінің төмендеуі, жалақының азаюы және басқа да жағымсыз салдарлар туындауы мүмкін. Бұл, өз кезегінде, құқықтық реттеудің жеткіліксіздігі мен мемлекеттік бақылау жүйесінің жоқтығы жағдайында жоғары оқу орындарының дербестігі әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына қайшы келіп, оқытушылар құрамының уәждемесін төмендетуі мүмкін екендігін көрсетеді. Осы мәселелерді шешу мақсатында, жоғары білім сапасын арттыру үшін ЖОО-ның дербестігі мен еңбек қатынастарын орталықтандырылған реттейтін құқықтық шаралар арасындағы теңгерімді орнату қажет. Бұл үшін нормативтік құқықтық актілерді, әлеуметтік әріптестік келісімдері мен ұжымдық шарттарды, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттарды үйлестіре отырып, мемлекеттік бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастыру ұсынылады.* 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидат **дәлелденген.** 7.2.2). **тривалды емес.** 7.3.1). қағида **жаңа.** 7.4.3). қолдану деңгейі **кең.** 7.5.1). ғылыми мақалада **дәлелденген.**
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) **ия;**	**Ия.** Әдістеменің таңдауы негізделген және нақты жазылған. Автор нәтижелердің объективтілігі мен сенімділігіне қол жеткізудің негізгі факторы болып табылатын зерттеуге нақты және жүйелі көзқарасты ұсынады. Диссертацияда бақылау,

		2) жоқ	салыстыру, индукция, дедукция, модельдеу және жүйелік талдау әдісі сияқты эмпирикалық және теориялық зерттеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар, жұмыста аналогия, тарихи, құрылымдық, диалектикалық және ресми құқықтық әдістер сияқты ғылыми танымның басқа да жалпы ғылыми және арнайы әдістерінің жиынтығы қолданылды. Диссертацияның әдістемесі сенімді және жүйелі түрде ұсынылған, бұл зерттеу нәтижелеріне сенудің маңызды негізі болып табылады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия;**	**Ия.** Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды. Автор кеңейтілген компьютерлік технологияларды қолданды, бұл үлкен көлемдегі ақпаратты талдауда жоғары дәлдік пен сенімділікті қамтамасыз етті.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) **ия;**	**Ия.** Диссертациялық жұмысында ұсынылған теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеу нәтижелерімен **дәлелденіп, расталған.** Бұл, өз кезегінде, диссертациялық зерттеуде келтірілген ғылыми ережелер мен тұжырымдардың сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз етеді. Автор теориялық талдауды эмпирикалық әдістермен үйлестіре отырып, кешенді тәсілді қолданған. Деректерді талдау барысында зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен қайталануын қамтамасыз ету мақсатында сандық деректер статистикалық әдістермен өңделіп, объективтілік пен дәлдік сақталды, ал сұхбаттар мен ашық сауалнамалардан алынған сапалық деректер мазмұнды талдау әдістері арқылы тақырыптық идеяларды анықтауға негізделді. Бұл тәсіл теориялық болжамдардың қосымша расталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, Қазақстанның еңбек құқығы

			жүйесін дамытудағы жаңа өзара байланыстар мен заңдылықтарды ашуға мүмкіндік берді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге **сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу барысында келтірілген мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге **сілтеме жасау арқылы расталған.** Пайдаланған әдебиеттердің тізімде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын көптеген сенімді деректерімен тиісті ғылыми әдебиеттер қарастырылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі жан-жақты әдеби шолу жасау үшін **жеткілікті.** Автор заманауи монографияларды, ғылыми журналдардағы мақалаларды, сондай-ақ халықаралық құжаттар мен отандық нормативтік актілерді қоса алғанда, ғылыми жұмыстардың кең ауқымына сүйене отырып, зерттеу тақырыбын терең түсінетінін көрсетеді. Әдебиеттерді таңдау зерттеудегі тәсілдердің өзектілігі мен әртүрлілігін көрсетеді, сонымен қатар тақырыптың жан-жақтылығы мен күрделілігін қамтуға мүмкіндік береді. Осы саладағы классикалық еңбектерді де, соңғы басылымдарды да тарту әдеби шолудың толықтығы мен өзектілігін қамтамасыз етеді. Диссертациялық зерттеуде отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер, ғылыми мақалалар жеткілікті дәрежеде қамтылған. Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізу үшін көлемді ғылыми әдебиеттерге ғылыми шолу жасап, жалпы 243 дереккөз пайдаланған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) **ия;** 2) жоқ	**Ия.** Диссертациялық жұмыстың **теориялық маңызы зор.** Автор жоғары білімді дамыту реформалары аясында білім және еңбек заңнамаларын, ғылыми, ақпараттық, сот және анықтама материалдарын, сондай-ақ сауалнамалар мен сұхбаттардан алынған деректерді егжей-тегжейлі зерттей отырып, Қазақстандағы ЖОО оқытушыларының еңбегін құқықтық реттеудің іргелі мәселелеріне кешенді көзқарастың негізін қалаған. Зерттеу нәтижелері жоғары мектеп оқытушыларының мәртебесін заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелері

			бойынша Қазақстандағы заңнаманы дамытуға бағытталған ғылыми негізделген тұжырымдаманың әзірленуіне ықпал етеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **ия**. Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған ұсыныстар мен тұжырымдар практикалық қолданысқа ықпал ететін мәнге ие. Зерттеу барысында алынған деректер заң шығарушы орган тарапынан, сондай-ақ жоғары білім саласындағы білім және еңбек заңнамаларын одан әрі жетілдіру процесінде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері еңбек құқығын оқыту, арнайы оқу курстарын енгізу, тереңдетілген зерттеулер негізі ретінде пайдаланылуы ықтимал, сондай-ақ кадрлық қызметі үшін тәжірибелік құрал бола алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация бойынша шығарылған тұжырымдар **толығымен жаңа.** Зерттеу нәтижесінде алынған ұсыныстар еңбек құқығы ғылымында практикалық қолдануға жарамдылығын көрсете отырып, зерттеудің тәжірибелік маңыздылығын айқындайды.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу **жоғары** сапасымен ерекшеленеді. Бұл, өз кезегінде, тараулардың логикалық тұрғыдан өзара байланысын, зерттеу тұжырымдарының дәлелді деректермен негізделуін, жазу дағдыларын, сондай-ақ мазмұнның толықтығын және нақтылығын айқындайды.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде әзірленгендіктен, отандық ғалымдардың еңбектерін кеңінен қолдану ұсынылар еді. Бұл ұсынбалы сипатқа ие және жұмысты оң қабылдауға кедергі келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша		Жұмыс мазмұнындағы тұжырымдарды сипаттайтын 5 - комитет тізіміндегі міндетті журналдарында, 1- Scopus базасындағы

	ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		шетел басылымында, 7 - халықаралық конференция жинақтарында, 6 - отандық өзге де басылымдарында жарияланған мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары. Және, зерттеу нәтижелері оқу үрдісіне Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің білім беру бағдарламасына «Педагог қызметінің құқықтық негіздері» пәні енгізілген (Енгізу актісі бар).
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Белхожаева Динара Жомартовнаға «8Д04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады.

Ресми рецензент:
PhD докторы,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
«Экономика және құқық» институтының
«Құқықтану» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы **А.Ж. Исаева**

«22» 11 2024 ж.